

Защитада полиция бөлімшесі ашылды

20 мамыр 2013 | 15:05 | Қоғам | Қаралған: 2455 | Пікірлер: 0



Өскемен қаласындағы Защита ықшамауданында полиция бөлімшесі ашылды. Салтанатты жиынға облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ, облыстық ІІД-нің бастығы, полиция генерал-майоры Рашид Жақыпов және басқа да жауапты лауазым иелері қатысты.



Естеріңізге салсақ, 2012 жылдың соңында өткен кездесуде аймақ басшысына аталған ықшамаудан тұрғындары полиция бөлімшесін ашу туралы өтініштерін білдірген болатын. Енді міне, сол өтініш өзінің оң шешімін тауып, штаттық құрамы 27 қызметкерді құрайтын бөлімше ашылды. Жаңа ұжымға ІІМ академиясының түлегі, бірнеше жыл көлемінде Үлбі полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінде жедел өкіл болып еңбек еткен полиция капитаны Дидар Салықбаев басшылық етеді.

– Былтыр Согра кентінде полиция бөлімшесі іске қосылған болатын. Енді міне, 10 мыңға жуық тұрғыны бар Защита ауданында осындай нысан ашылып отыр. Бұл ретте «Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясының басшылығына және оның облыстық филиалының «Шығыс Қазақстан жол бөлімшесіне» алғысымызды айтамыз. Осы компанияның демеушілігімен 56 млн. теңге қаржы бөлініп, полиция бөлімшесінің ғимараты жөнделіп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтылды. Бұған қоса теміржолшылардың көмегімен соңғы 50 жылда жөндеу көрмеген теміржол вокзалы жаңарып, алдағы уақытта хоккей модулінің құрылысы басталмақ, – деді нысанның ашылу рәсімінде сөз сөйлеген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Бүгінде Защита ықшамауданында ондаған көпқабатты және 3 мыңға жуық жекеменшік тұрғын үй орналасқан. Мұндағы халық саны шамамен 10 мыңға жетіп жығылады. Ауданда теміржол вокзалы орналасқандықтан арлы-берілі қатынайтын жолаушылар, жүк тасымалдаушылар қарасы көп. Осы жолаушылардың және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстық әрекеттердің алдын алуда жаңадан ашылып отырған Өскемен қалалық ІІБ, Үлбі полиция бөлімі, Защита полиция бөлімшесінің маңызы зор. Бұл бөлімше Косарев көшесіндегі соқырлар қоғамы ғимаратының бірінші қабатына орналасқан.

– Бұған дейін Защитадағы қоғамдық тәртіпті сақтап, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Үлбі полиция бөлімінің алыстау, яғни, қаланың орталығында орналасуы тәртіп сақшыларының жедел әрекетіне біраз қиындық туғызып келген-ді. Осы орайда жергілікті тұрғындардың тілегін ескерген облыс басшысы Бердібек Мәшбекұлы бізге нақты тапсырма берген. Бүгін сол міндет орындалып, аталған ауданда жеке полиция бөлімшесі ашылды. Енді біз мұнда ішкі әскерлердің көмегімен патрульдік нарядты күшейтеміз, – деген департамент басшысы Рашид Жақыпов жаңа бөлімшеде еңбек ететін әріптестеріне сәттілік тіледі.

Серік Өбілхан